

**DS-137**

**NISSEI®**

**JAPAN**



**Прибор для измерения артериального давления и частоты пульса цифровой**

*Руководство по эксплуатации*

**RUS**

**Прилад для вимірювання артеріального тиску та частоти пульсу цифровий**

*Інструкція з експлуатації*

**UKR**

**Күретамырдың қан қысымы мен тамырдың соғу жиілігін өлшеуге арналған сандық аспабы**

*Пайдалану жөніндегі басшылық құжат*

**KAZ**



**Экономный расход батарей.**

Економічне витрачання батареї.

Батареялардың үнемді шығыны.



**Память на 30 последних измерений.**

Пам'ять на 30 останніх вимірювань

Орташа мәнді есептеп шығару функциясы бар соңғы 30 өлшеуді



**Большой дисплей.**

Великий дисплей.

Үлкен дисплей.




**Манжета для окружности плеча от 22 до 32 см**

Манжета для обхвата плеча від 22 до 32см

Білекке орауға арналған көмкерме 22 см-ден 32 см-ге дейін

Бұл басшылық құжат пайдаланушыға күретамырдың қан қысымы мен тамырдың соғу жиілігін өлшеуге арналған DS-137 үлгісіндегі сандық аспабын (әрі қарай мәтін бойынша: АСПАП) қауіпсіз және тиімді пайдалану жөнінде көмек көрсетуге арналған. Аспап аталған басшылық құжатта жазылған ережелерге сәйкес пайдаланылуға тиіс және осында жазылған мақсаттардан басқа жағдайларда пайдаланылмауы керек. Басшылық құжатты толықтай, әсіресе «Дұрыс өлшеу жөніндегі нұсқаулар» бөлімін оқып шығып, түсініп алған дұрыс.

## БӨЛШЕКТЕР МЕН ҚҰРАМДАСТАР АТАУЫ



## АРНАЛУЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

### Арналуы

Аспап 15 жастан асқан адамдардың күретамырының ең жоғарғы және ең төменгі қан қысымын өлшеуге және тамыр соғу жиілігін анықтауға арналған. Бұл аспапты жаңа туған сәбилерге қолдануға болмайды. Сондай-ақ аспап балалардың білегінде пайдаланылса да өлшеу нәтижесі дұрыс болмауы мүмкін. Баланың күретамырының қан қысымын өлшеу жөнінде өз дәрігеріңізбен ақылдасып алған жөн. Аспап күретамырдың қан қысымы ауытқып тұратын (тұрақсыз) немесе белгілі күретамыр гипертензиясы бар адамдарға медициналық бақылауға қосымша үй жағдайында пайдалану үшін ұсынылады. Көмкерме жуандығы шамамен 22 см-ден 32 см-дей болатын білекке дәл келеді. Басқа жуандау білекке орап өлшеген кезде қосымша қетелік болуы ықтимал. Қан қысымы 40-тан 250 мм сынап бағанасына дейінгі диапазонда, ал тамырдың соғу жиілігі минутына 40-тан 160 бұлкілге дейін диапазонда өлшенеді.

## **Жұмыс қағидаты**

Аспап құретамырдың қан қысымы мен тамырдың соғу жиілігін өлшеу үшін осциллометрикалық әдісті пайдаланады. Көмкерме білекке оралады да сығымдағыштың көмегімен үрленеді. Аспаптың сезімтал элементі білектің құретамырының жүректің әрбір соғуына қарай кеңеюі мен тарылуынан пайда болатын көмкерме ішіндегі қан қысымының әлсіз ауытқуын қалт жібермейді. Қан қысымы толқындарының тербелісі өлшенеді де ол сынап бағанасы миллиметрлеріне айналдырылып, сандық мән ретінде дисплейге шығарылады. Ауа клапаны білек көлеміне қарамастан (көмкерме көлемі диапазонында) ауаның өлшеу кезінде көмкермеден шығуының қажетті жылдамдығын реттеп тұрады. Аспаптың өлшеулер нәтижелерін сақтауға арналған әрқайсысы 30 ұяшықтан тұратын жады бар.

Егер аспап аталған басшылық құжаттың «Техникалық сипаттамалар» бөлімінде көрсетілгендегіден басқа температура мен ылғалдылықта пайдаланылса, өлшеулердің көрсетілген дәлдігін қамтамасыз ете алмайтындығына назар аударыңыз. Аталған аспаппен айқын жүректің соғу ырғағының бұзылу сырқаты бар адамның және балалар құретамырының қан қысымын өлшеген кезде қателіктердің мүмкін болатынын ескертеміз.

**ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!** Осы қондырғының жиынтығына кіретіннен айырмашылығы бар көмкермені пайдалануға болмайды!

## **САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ**

Мынандай сырқаты бар адамдар аспапты пайдаланар алдында дәрігермен ақылдасып алғаны жөн:

- Білегінің айналасында қалыпты қан айналымына кедергі келтіретін кемістігі бар адамдар.
- Қан айналымының шеткі жүйелері бұзылған (қант диабетімен, беріштенумен, атеросклероз және т.б. сырқаттанатын) адамдар. Ондайда құретамырдың қан қысымын өлшеген кездегі көрсеткіштер тұрақсыз болуы мүмкін.

## **ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!**

**Аспап асқынған жүрек ырғағының бұзылуы бар адамдардың құретамырының қан қысымын өлшеуге арналмаған!**

**ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:**

- Қондырғыны жуынуға арналған бөлмеде және ылғалдылығы жоғары басқа да жерлерде пайдалануға.
- Білек жарақаты жазылмаған адамдарға пайдалануға.
- Аспапты тамырыңызға тамызғы салған кезде және қан құю кезінде пайдалануға болмайды. Ол жарақатқа немесе қайғылы жағдайға апарып соғуы мүмкін.
- Қондырғыны осы басшылық құжатта жазылғандағыдан басқа мақсаттарда пайдалануға тыйым салынады. Ол қондырғының істен шығуына апарып соғуы және қайғылы жағдайға себепші болуы мүмкін.

**ПАЙДАЛАНҒАН КЕЗДЕ МЫНАНДАЙ НҰСҚАУЛАРДЫ САҚТАУ КЕРЕК:**

- Өлшеулер жүргізген кезде дәрігер нұсқауларын басшылыққа алыңыз, оның

тұжырымын ескеріңіз, сондай-ақ дәрі-дәрмек қабылдағанда да дәрігер нұсқауын естен шығармаңыз. Өлшеулер нәтижелері бойынша өз бетіңізбен тұжырым жасаудан және өзіңізді өзіңіз емдеуден аулақ болыңыз.

- Аспап жұмысынан ақаулықты байқасаңыз, дереу оны пайдалануды тоқтатып, қолыңыздан шешіңіз. Жағымсыз әсерлер пайда болған жағдайда да оны пайдалануды тоқтатып, қолыңыздан шешіңіз. Аспапты тексеру және жөндеу үшін мамандандырылған шеберханаға апарыңыз.

- Аспапты балалардың өз бетімен пайдалануына рұқсат етпеңіз, оны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

- Жұмыс істеп тұрған аспап жанында ұялы телефонмен сөйлеспеңіз. Оның аспап жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.

- Аспапты тұтанып кету қаупі бар жерде пайдаланбаңыз. Ол қондырғының істен шығуына апарып соғуы және қайғылы жағдайға себепші болуы мүмкін.

- Көмкермені қажетсіз майыстырмаңыз, оны талап етілетін жағына ғана қарай ораңыз.

## ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

DS-137 аспабының жеткізілім жиынтығына мыналар кіреді:

- электронды блок – 1 дана.

- қысымды көмкерме (сығымдағышы, ауа шлангісі және ауа шлангісінің істікшесі бар) – 1 дана.

- қуаттау элементтері – 4 дана.

- пайдалану жөніндегі басшылық құжат – 1 дана.

- кепілдемелік талон – 1 дана.

- қаптама – 1 дана.


## ДҰРЫС ӨЛШЕУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР

1 Қан тазарту немесе антикоагулянтты немесе антитромбоцитті немесе стероидты дәрі-дәрмектерді пайдаланып жүрген кезде күретамырдың қан қысымын өлшеу үшін аспапты қолдану тұрғысында өзіңіздің емдеуші дәрігеріңізбен алдын ала ақылдасып алыңыз.

2 Аспапты жұмыс істеп тұрған ұялы телефондарға, АЖЖ пештерге және басқа да электрмагнитті сәуле шығаратын қондырғыларға жақын жерде пайдаланған кезде дұрыс істем

3 Дұрыс өлшеу үшін күретамырдың қан қысымының тіпті өте қысқа уақыт аралығында күрт ауытқып кететінін білген дұрыс. Күретамырдың қан қысымының деңгейі көптеген факторларға байланысты. Өдетте ол жазда төмен, ал қыс кезінде жоғары болады. Күретамырдың қан қысымы атмосфералық қысыммен бірге өзгеріп тұрады, сондай-ақ ол денеге түсетін ауырлыққа, көңіл-күйдің қозуына, күйзелістерге және тамақтану режиміне де тәуелді. Қабылданатын дәрі-дәрмектердің, алкогольдік ішімдіктердің және темекі тартудың да оған әсері үлкен. Көптеген адамдарда қан қысымы көрсеткіші емханада өлшеткен кезде де көтеріліп кетуі мүмкін. Сондықтан үй жағдайында өлшенген күретамырдың қан қысымының емханада өлшеткен күретамырдың қан қысымынан айырмашылығы жиі бо-

лып тұрады. Күретамырдың қан қысымы төменгі температураларда көтерілетіндіктен, өлшеулерді бөлме температурасында (шамамен 20 °С) жүргізіңіз. Егер аспап төмен температурада сақталған болса, оны пайдаланар алдында кем дегенде 1 сағат бөлме температурасында ұстаңыз, әйтпесе өлшеу нәтижелері қате болуы мүмкін. Денсаулығы дұрыс адамдардың тәулік ішіндегі систоликалық (ең жоғарғы) қан қысымы көрсеткішінің айырмашылығы 30-50 мм сынап бағанасын және диастоликалық (ең төменгі) қан қысымы көрсеткіші айырмашылығы 10 мм-ге дейінгі сынап бағанасын құрайды. Күретамырдың қан қысымының әртүрлі факторларға тәуелділігі әр адамда әрқалай болады. Сондықтан күретамырдың қан қысымы көрсеткіштерінің арнайы күнделігін жүргізген дұрыс. **ТЕК ДИПЛОМЫ БАР ДӘРІГЕР ҒАНА СІЗДІҢ КҮРЕТАМЫРЫҢЫЗДЫҢ ҚАН ҚЫСЫМЫ ӨЗГЕРІСІН КҮНДЕЛІКТЕН АЛЫНҒАН ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ АНЫҚТАЙ АЛАДЫ.**




4 Жүрек-қан тамырлары сырқаттары кезінде және күретамырдың қан қысымына мониторинг жүргізіп отыру қажет басқа да бірқатар сырқаттар кезінде өлшеулерді өзіңізді емдеуші дәрігер анықтаған уақытта ғана жүргізіңіз. **ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН, ГИПЕРТОНИЯ ДИАГНОСТИКАСЫ МЕН ЕМДЕУДІ ТЕК ДИПЛОМЫ БАР ДӘРІГЕР ҒАНА КҮРЕТАМЫРДЫҢ ҚАН ҚЫСЫМЫН ӨЛШЕУДІ ТЕК ӨЗІ АЛҒАН КӨРСЕТКІШТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ҒАНА ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ДӘРІ-ДӘРМЕКТЕРДІ ІШУ МЕН ДОЗАСЫН ӨЗГЕРТУДІ ТЕК ЕМДЕУШІ ДӘРІГЕРДІҢ ЖАЗЫП БЕРГЕН НҰСҚАМАСЫМЕН ҒАНА ОРЫНДАҒАН ДҰРЫС.**

5 Қан тамырларының қатты беріштенуі, жүрек соғуы толқынының әлсіздігі сырқаты бар, сондай-ақ жүрегінің жиырылу ырғағы бұзылған адамдардың күретамырының қан қысымын дұрыс өлшеу қиындық туғызады. **ОНДАЙ ЖАҒДАЙДА ЭЛЕКТРОНДЫ АСПАПТЫ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕ ДИПЛОМЫ БАР ДӘРІГЕРМЕН КЕҢЕСІП АЛҒАН ЖӨН.**

6 **ЭЛЕКТРОНДЫ АСПАПТЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ КҮРЕТАМЫРДЫҢ ҚАН ҚЫСЫМЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ ДҰРЫС БОЛУ ҮШІН ӨЛШЕУ КЕЗІНДЕ ТЫНЫШТЫҚ САҚТАУ КЕРЕК.** Күретамырдың қан қысымын тыныш та жайлы жағдайда және бөлме температурасында өлшейді. Өлшеуге дейін бір сағат бұрын тамақтануға, 1,5-2 сағат бұрын темекі тартуға, сергіткіш сусындар, алкогольді ішімдіктер ішуге болмайды.

7 Күретамырдың қан қысымының дәлдігі аспап көмкермесінің Сіздің білегіңізге сәйкестігіне байланысты. **КӨМКЕРМЕ ТАР ДА, КЕРІСІНШЕ КЕҢ ДЕ БОЛМАУҒА ТИІС.**

8 қалпына келуі керек. Сондықтан оны тек 5 минуттан кейін ғана жүргізу керек. Алайда, дендеген атеросклерозбен ауыратын адамдардың тамырлары қатқылданып кететіндіктен өлшеулер арасындағы уақыт көбірек болуы керек (10-15 минут).



(Бүкіләлемдік Денсаулық сақтау Ұйымының сыныптауы бойынша)

Мұның ұзақ уақыт қант диабетімен ауыратын адамдарға да қатысы бар. Құретамырдың қан қысымын неғұрлым дәлірек анықтау үшін қатар-қатар 3 өлшеу сериясын өткізіп, соның орташа нәтижесін есепке алған жөн.

## ҚАТТАУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ОРНАТУ





1 Қуаттау элементтеріне арналған бөлікшенің қақпағын ашыңыз.

2 AA түріндегі төрт қуаттау элементін бөлікше ішінде орналасқан тәсімде көрсетілгендегідей етіп салыңыз. Олардың полярлығының (+) және (-) белгілемелеріне сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.

3 ЗҚуаттау элементтеріне арналған бөлікшенің қақпағын жабыңыз.

Қақпақты шешкен кезде тым қатты күш салмаңыз.

Аспаттың жұмысқа жарамдылығын ұзарту үшін сілтілі элементтерді пайдаланыңыз. Қарапайым элементтерді жиі ауыстырып тұру керек болады. Аспаппен бірге келген элементтер тексеруге ғана арналған, олардың қуат мерзімі сауда желісінен сатып алынғандарға қарағанда әлсіз болуы мүмкін.






**ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Қайтадан қуатталған элементтерді пайдаланбаңыз.**



Қуаттау элементтерін ауыстыру индикаторы

Дисплейде үнемі қуаттау элементтерін ауыстыру бейнеленіп тұрса немесе дисплейде ешқандай бейне болмаса, барлық қуаттау элементтерін ауыстырыңыз. Қуаттау элементтерін ауыстыру индикаторы разряд деңгейін көрсетпейді.

## ӨЛШЕУ КЕЗІНДЕГІ ДЕНЕНІ ҰСТАУ ҚАЛПЫ



Күретамырдың қан қысымын өлшеген кезде столдың жанына Сіздің қолыңыз оның бетінде жататындай болып отырыңыз.

Білегіңіздегі көмкерме оралған жердің жүрек тұсы деңгейінде, ал білегіңіздің столда бос жатқанына және қозғалып кетпейтіндігіне көз жеткізіңіз.


Сіз қан қысымын шалқаңыздан жатып та өлшей аласыз. Төбеге қарап, тыныштық сақтаңыз және өлшеу кезінде қозғалмаңыз. Білегіңіздегі көмкерме оралған жердің жүрек тұсы деңгейінде екендігіне міндетті түрде көз жеткізіңіз.

Егер көмкерме жүрек деңгейінен төмен (жоғары) болса, алынған көрсеткіштерде төмен (жоғары) болуы мүмкін.




Аспап пен оның қуаттау элементтері үй жағдайында жойылатын қалдық болып табылмайтындықтан, қалдықтарды қайтадан өңдеу жөніндегі өзіңіздің ұлттық/жергілікті ережелеріңізге жүгініңіз және оларды тиісті жинау пункттеріне өткізіңіз.


## КӨМКЕРМЕНІ ДАЙЫНДАУ




1 Көмкермені ауа шлангілері алақан жағына қарайтындай етіп сол жақ білегіңізге кигізіңіз. Егер сол жақ білектен өлшеу қиындық тудырса, оң білектен өлшеуге де болады. Ондай жағдайда көрсеткіштердің 5-10 мм сынап бағанасындай айырмашылығы болуы мүмкін екендігін есте ұстаған жөн.




2 Көмкермені білегіңізге оның төменгі жиегі шынтақтың бүгілетін жерінен 2-3 см-дей жоғары болатындай етіп ораңыз.



3 Көмкермені білекті тым қатты қыспайтындай, жабыса қымтайтындай етіп түймелеңіз. Көмкерме тым қысып тұрса да немесе тым бос оралса да көрсеткіштер дұрыс болмауы мүмкін.



4 Егер білек толық және конус тәріздес болса, көмкермені суретте көрсетілгендегідей шиыршықтай ораған дұрыс.



5 Егер Сіз киіміңіздің жеңін түріп алсаңыз және сөйтіп, қанның дұрыс жүруіне кедергі келтірсеңіз, аспаптың көрсеткіші Сіздің күретамырыңыздың қан қысымына сәйкес келмеуі мүмкін.



## ӨЛШЕУ ТӘРТІБІ

Өлшер алдында демді тереңдей ішке тартып, сыртқа шығарып, босаңсыңыз. Өлшеу кезінде қозғалмаңыз, сөйлеспеңіз және қолыңызды қарыстырмаңыз.

**1. Ауа шлангісінің істікшесін көмкермені жалғауға арналған ұяшыққа кіргізіңіз.**

**2. Ауа клапанын ТЕЗ БОСАТУ қалпына қойыңыз.**

**3. О/І түймешігін басыңыз.**

Содан кейін «▲» үрлеу белгісі жыпылықтай бастайды..

**4. Ауа клапанын АВТОМАТТЫ БОСАТУ қалпына қойыңыз.**

**5. Көмкермені сығымдағыштың көмегімен күтілген систоликалық (жоғарғы) қысымнан 30-40 мм сынап бағанасына артық деңгейге дейін үрлеңіз.**

### Өлшеуді тоқтату







Өлшеуді тоқтата тұру үшін ауа клапанын ТЕЗ БОСАТУ қалпына қойыңыз да О/І түймешігін басыңыз. Аспап көмкерме ішіндегі ауаны босатып жібереді де өшіп қалады.

**6. Сығымдағышты абайлап столға қойыңыз.**

Дисплейдеге қысым мәні азая бастайды.

Тамырдың соғуы анықталысымен-ақ сонымен бір үйлесімде «♥» белгісі жыпылықтай бастайды.

Өлшеу аяқталған кезде «▼» белгісі жыпылықтай бастайды.



Егер өлшеу кезінде «▲» белгісі тағы да жыпылықтай бастаса, онда 4 секунд ішінде көмкермеге алдындағы деңгейден шамамен 30 мм сынап бағанасындай жоғары ауа үрлеңіз. Әйтпесе дисплейде қателік туралы хабар белгісі («Err») пайда болады..




**Көмкермеге ауа үрлеу қысымының ең жоғарғы шектік деңгейінен асып кету.** Егер көмкермені үрлеген кезде қысым деңгейі 330 мм сынап бағанасынан асып кетсе, дисплейде қателік туралы хабар пайда болады. Ауа клапанын ТЕЗ БОСАТУ қалпына қойыңыз да ауаны көмкермеден шығарыңыз және өлшеуді қайталаңыз.

Дисплейде ең жоғарғы (SYS: систоликалық) және ең төменгі қан қысымы көрсеткішінің айырмашылығы 30-50 мм сынап бағанасын және (DIA: диастоликалық) қан қысымы және тамырдың соғу жиілігі (PUL) мәндері бейнеленеді.

Өлшеу нәтижесі жадта автоматты түрде сақталып қалады. Егер өлшеу кезінде қателікке жол берілсе, ол нәтиже сақталмайды.




## 7. Ауа клапанын ТЕЗ БОСАТУ қалпына қойыңыз.



## 8. Аспапты өшіру үшін ОЛ түймешігін басыңыз.

Егер Сіз аспапты өшіруді ұмытып кетсеңіз, 3 минуттан кейін ол автоматты түрде өшіп қалады.



Дәл нәтиже алу үшін қан айналымының қалпына келуіне өлшеулер арасында үзіліс болу керек. сондықтан қайталап өлшеуді 5 минуттан ерте бастамаңыз.

## ЖАД ФУНКЦИЯСЫ

Аспап өз жадында 30-ға дейін өлшеулер (қан қысымын, тамырдың соғу жиілігін) нәтижелері мен олардың орташа мәні сақтай алады. Өлшеулер саны 30-нан асқан кезде неғұрлым ескірек деректер авто-матты түрде келесі өлшеулердің деректерімен ауысып отырады.

Сақталған деректерді көру үшін

1. Сақталған деректерді қарау үшін MEMORY түймешігін басыңыз. Егер сақталған деректер жоқ болса, онда дисплейде ештеңе бейнеленбейді.

Жад деректері 5 секундтың ішінде бейнеленеді.

Содан кейін егер ешқандай түймешік басылмаса, аспап автоматты түрде өшеді немесе ағымдағы өлшеу экранына қайта оралады.

2. MEMORY түймешігін әр басқаннан кейін келесі жад ұяшығына өту болады. «1» нөмірлі ұяшықтағы нәтиже сақталған деректер арасындағы ең соңғысы болып табы-



НОМЕР ЯЧЕЙКИ ПАМЯТИ




лады және алкен нөмірлі жад деректерінің нәтижелері неғұрлым бұрынғы нәтижелерді көрсетеді.

3. Егер MEMORY түймешігін шамамен 2 секундтай басып тұрса, аспап соңғы жазуға (сақталған барлық өлшеулер нәтижелерінің орташа мәніне) жеткенге дейін жад жазбаларын тез парақтау режиміне өтеді. Орташа мән «**F**» индексімен белгіленеді.

MEMORY түймешігін босатқан кезде жадты парақтау тоқтайды.

4. Аспапты өшіру үшін O/I түймешігін басыңыз.

## ҚАТЕЛІКТЕР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАЛАР

СЕЗДІРУ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕП	ТҮЗЕТУ ТӘСІЛДЕРІ
	<p><b>ӨЛШЕУ ҚАТЕЛІГІ</b> Ауа шлангісінің істікшесі дұрыс жалғанбаған немесе көмкерме дұрыс оралмаған.</p> <p>Өлшеу кезінде қозғалғандықтан немесе өлшеу кезінде сөйлескендіктен де болуы мүмкін.</p> <p>Көмкерме жеткілікті үрленбеген.</p>	<p>Ауа шлангісінің істікшесі дұрыс жалғанғандығына көз жеткізіңіз. Көмкерменің дұрыс оралғандығына көз жеткізіңіз.</p> <p>Өлшеу кезінде қозғалмаңыз және сабыр сақтаңыз.</p> <p>Көмкерменің үрленгендігін білдіретін нышан пайда болғаннан кейін өлшеуді қайталаңыз.</p>
	<p><b>ҮРЛЕУ ҚЫСЫМЫ АСЫП КЕТКЕН</b> Көмкерме ең жоғарғы қысымнан артық үрленген.</p>	<p>Көмкермені 300 мм сынап бағанасынан артық үрлемеңіз.</p>
	<p><b>СЕРВИСТІК РЕЖІМ</b> Қуаттау элементтерін ауыстырған кезде O/I түймешігі байқаусызда басылып кеткен.</p>	<p>O/I түймешігін бір рет басып аспапты өшіріңіз де өлшеулерді бастау үшін оны тағы да басыңыз.</p>
<p>O/I түймешігіне басқан кезде ештеңе бейнеленбейді</p>	<p><b>ҚУАТТАУ ЖОҚ</b> Қуаттау элементтерінің қуаты сарқылған.</p> <p>Қуаттау элементтерін орналастырған кезде полярлығы сақталмаған.</p> <p>Қуаттау элементтерінің түйіспелері кірленген.</p>	<p>Қуаттау элементтерін жаңаларымен ауыстырыңыз.</p> <p>Қуаттау элементтерін полярлығын сақтай отырып қайтадан орналастырыңыз.</p> <p>Қуаттау элементтерінің түйіспелерін құрғақ шүберекпен сүртіңіз.</p>

Жадта сақталғандар бейнеленбейді	Жадта өлшеулердің сақталған нәтижелері жоқ.  Қуаттау элементтерінің қуаты сарқылған.	Егер сақталған деректер болмаса, ештеңе бейнеленбейді. Қуаттау элементтерін ауыстырған кезде деректер өшіп қалады.  Қуаттау элементтерін жаңаларымен ауыстырыңыз.
Көп өлшеулер жүргізу мүмкін емес	Қуаттау элементтерінің қуаты сарқылған.	Аспаптың жұмысқа жарамдылық мерзімін ұзарту үшін сілтілі қуаттау элементтерін пайдаланыңыз.
Өлшеулерді аяқтау мүмкін емес	Қуаттау элементтерінің қуаты сарқылған.	Қуаттау элементтерін жаңаларымен ауыстырыңыз.
Күретамырдың қан қысымының мәні әр кезде әртүрлі. Мән тым төмен (немесе жоғары)	Өлшеу кезінде денені дұрыс ұстамаған.  Күретамырдың қан қысымы өлшеу уақыты мен көңіл-күйдің қозу жағдайына қарай өзгеріп тұрады.	Өлшеу кезінде денені дұрыс ұстаңыз.  «ДҰРЫС ӨЛШЕУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР» бөлімін қараңыз.
Тамырдың соғу жиілігі тым төмен (немесе жоғары)	Сіз өлшеу кезінде қозғалғансыз.  Өлшеу дене жаттығуларын жасағаннан кейін жүргізілген.	Өлшеу кезінде тыныш отырыңыз.  Өлшеуді кемінде 5 минут демалыстан кейін қайталаңыз.
Қуат көзі автоматты түрде ажырап қалады	Қуат көзінен автоматты түрде ажырату жүйесі іске қосылып кетеді.	Бұл қауа болып табылмайды. Аспап онымен соңғы рет жұмыс істегеннен кейін 3 минуттан соң автоматты түрде өшіп қалады.

Егер Сіз жоғарыда келтірілген ұсыныстарға қарамастан өлшеулердің дұрыс нәтижелеріне қол жеткізе алмасаңыз, аспапты пайдалануды тоқтатыңыз да техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйымға жүгініңіз (уәкілетті ұйымдардың мекенжайлары мен телефондары кепілдемелік талонда көрсетілген). Ішкі механизмді өзіңіз реттеуге тырыспаңыз.

## ТЕКСЕРУШІГЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

Аспапты тексеру үшін сынақ істікшесі қажет. Сынақ істікшесін аспаптың электронды блогындағы көмкерме жалғауға арналған ұяшыққа кіргізу керек. Содан соң О/І түймешігін басыңыз. СК дисплей экранында «0» нышаны пайда болады. Аспаптың тексеру режимде болу уақыты 3-ақ минутпен шектелген (аспап автоматты түрде өшеді).

Тексеруді жалғастыру үшін аспапты қайтадан іске қосу керек.

Тексеруаралық уақыт – 3 жыл.

## КЕПІЛДЕМЕЛІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

- 1 Дайындаушы фирма тұтынушы пайдалану, тасымалдау және сақтау шарттарын сақтаған жағдайда DS-137 үлгідегі аспаптың пайдаланудың кепілді мерзімі – сатылған күннен бастап 5 жыл бойы оның техникалық сипаттамаларына сәйкес болатындығына кепілдік береді. Көмкерме мен сығымдағыштың және ауа шлангісінің кепілдемелік мерзімі сатылған күннен бастап 12 айды құрайды.
- 2 Кепілдемелік міндеттемелер аспап тұтынушыға сатылған сәтте кепілдемелік талонмен ресімделеді. Кепілдеменің аспап ашылмаса және зақымданбаса ғана заңдық күші бар.
- 3 Кепілдемелік қызмет көрсету ұйымдарының мекенжайлары кепілдемелік талонда көрсетілген.

## ҚУТУ, САҚТАУ, ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ӨТЕЛГЕ ШЫҒАРУ

1. Бұл аспапты жоғары ылғалдылықтан, тікелей түсетін күн сәулесінен, соққылардан, дірілден сақтау керек. АСПАП СУ ӨТКІЗБЕЙТІН БОЛЫП ТАБЫЛМАЙДЫ!
2. Аспапты жылытқыш аспаптар мен ашық отқа тым жақын жерде сақтамаңыз.
3. Егер аспап ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, ішіндегі қуаттау элементтерін бөлек алып қойыңыз. Өйткені, қуаттау элементтерінен сұйық ақса, аспапты зақымдайды. ҚУАТТАУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН БАЛАЛАРДЫҢ ҚОЛЫ ЖЕТПЕЙТІН ЖЕРДЕ САҚТАҢЫЗ!
4. Аспапты кірлетпей ұстаңыз, оны шаңнан қорғаңыз. Аспапты тазалау үшін құрғақ жұмсақ матаны пайдаланыңыз.
5. Аспаптың және оның бөлшектерінің сумен, ерітінділермен, спиртпен, бензинмен жанасуына жол бермеңіз.
6. Көмкермені өткір бұйымдардан аулақ ұстаңыз, сондай-ақ көмкермені созуға және сығуға болмайды.
7. Аспапты қатты соққылардан сақтаңыз және оны лақтырмаңыз.
8. Қажет болғанда аспапты тек мамандандырылған ұйымдарда ғана жөндетіңіз.
9. Белгіленген қызмет мерзімі бітерде аспаптың техникалық жағдайын тексерту үшін оны ауық-ауық мамандарға (мамандандырылған жөндеу ұйымдары) көрсетіп тұру қажет.
10. Өтелге шығарған кезде сол уақытта Сіздің өңірде қолданыста болған ережелерді басшылыққа алыңыз. Өндіруші бұл аспапты өтелге шығарудың арнайы шарттарын

белгілемеген.

11. Көмкерме көп рет санитарлық зарарсыздандыруға төзімді. Көмкерменің матамен жабындалған ішкі жағын (тексерілушінің білегіне оралатын) сутек асқын тотығының 3%-дық ерітіндісіне шыланған мақта анжымен зарарсыздандыруға рұқсат етіледі. Ұзақ пайдаланған кезде көмкерменің мата жабынының түссізденуі мүмкін. Көмкермені жууға, сондай-ақ ыстық үтікпен зарарсыздандыруға болмайды.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Өлшеу әдісі	осциллометрикалық Fuzzy Algorithm бар
Индикатор	11-белгілі 4-жолды сұйықкристалды дисплей
Индикациялау диапазоны	0-300 мм сынап бағанасы (көмкермедеге қысым)
Өлшеу диапазоны	40-тан 250 мм сынап бағ. дейін (қан қысымы) минутына 40-тан 160 бүлкілге дейін (тамырдың соғу жиілігі)
Өлшеу қателігі	+3 мм сын.бағ. (көмкермедегі қысым) көрсеткіштердің +5 % (тамырдың соғу жиілігі) қолмен
Үрлеу	6В, 4 AA қуаттау элементі x 1,5В (LR6) немесе ЭК, 6В, 600 мА-дан кем емес
Электрмен қуаттау	0,06 Вт (ең жоғарғы)
Тұтыну қуаты	30 ұяшық + орташа мән
Жад	
Пайдалану шарттары	
температура	10-нан 40°C-ға дейін
салыстырмалы ылғалдылық	85% және одан төмен
Сақтау және тасымалдау шарттары	
температура	минус 20 °С-дан 50°C-ға дейін
салыстырмалы ылғалдылық	85% және одан төмен
Көмкерме, үлгісі	Cuff DS-137
Көмкерме көлемі:	ересектерге арналған (білектің жуандығы 22-32 см)
Ауқымдық көлемдер	163 x 122 x 49 мм (көмкермесіз)
Массасы	354 г-нан артық емес (қуаттау элементтерінсіз)
Өндірілген ел	Индонезия
Қызмет мерзімі:	
электронды блок	7 жыл
көмкерме, сығымдағыш, ауа шлангісі	3 жыл
Өндірілген жылы	Өндірілген жылы сериялық нөмірінде «SN» нышанынан кейін белгіленген

- ВF түріндегі жабдық
- Білген жөн: Нұсқаулықты оқыңыз
- Өтелге шығарар кезде сол уақытта Сіздің өңірде Қолданыста болған ережелерді басшылыққа алыңыз

## СЕРТИФИКАТТАУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

Өндіріс халықаралық ISO 9001, ISO 13485, EN 46001 стандарты бойынша сертифициатталған. DS-137 аспабы IEC60601-1-2&2001, EN1060-1, EN1060-3 халықаралық стандарттарына, MEMCT P 50444-92, MEMCT P 50267.0-92 (МЭК 601-1-88), MEMCT P 51959.1-2002 (EN 1060-1-96), MEMCT P 51959.3-2002 (EN 1060-3-97) MEMCT P 50267.0.2-2005 (МЭК 60601-1-2:2001), MEMCT P ИСО 10993 сериялы стандарттарына сәйкес келеді.

Тұтынушылардың шағымдары мен талап-тілектерін ресми импортердің мына мекенжайына жолдау керек:

Россия: 117218 Москва қ., а/ж 36, «Фирма К и К» ЖШҚ  
(заңды мекенжайы: 105484, Москва қ., 16-я Парковая к-сі, 35А үй)  
Тегін шұғыл желі тел.: 8-800-200-00-37

Украина: а/с 123 м. Киев 03049, «Ергоком» ТПК ПП.  
Тегін шұғыл желі тел.: 0-800-30-120-80

Беларусь: 220033 Минск қ., Фабричная к-сі, 26, к. 18б, «Фиатос» УП.  
Тегін шұғыл желі тел.: 8-800-200-00-37

Қазақстан: 070010, Өскемен қ., Карбышев к-сі, 24, «Казмедимпорт» ЖШС.  
Тел.: (7232) 55-89-97.

Өзбекстан: Ташкент қ., Чиланзар ауданы, Богистон к-сі, 1/27, «Элд-Тиб-Махсулот» МЧЖ  
Анықтама қызметінің тел.: (998-97) 436-60-60

Өндіруші: NIHON SEIMITSU SOKKI CO., LTD. (Нихон Сеймитсу Сокки Ко., Лтд).  
Өндірушінің мекенжайы: 2508-13 Nakago Shibukawa Gunma 377-0293 Japan (2508-13 Накаго Шибукава Гунма 377-0293, Жапония).

Дайындаушы завод: PT. NSS INDONESIA (ПТ. НСС ИНДОНЕЗИЯ).

Дайындаушы заводтың мекенжайы: Blok A-2 No. 29 ST4A Kawasan, Berikat Besland Pertiwi, Kota Bukit Indah Purwakarta 4118, INDONESIA (Блок А-2 № 29 СТ4А Кавасан, Берикат Беслатд Пертиви, Кота Букит Инда Пурвакарта 4118, ИНДОНЕЗИЯ).

Экспорттаушы: Little Doctor International (S) Pte. Ltd. (Литл Доктор Интернешнл (С) Пте. Лтд.).

Экспорттаушының мекенжайы: Little Doctor International (S) Pte. Ltd., Yishun Central P.O. Box 9293 Singapore 917699 (Литл Доктор Интернешнл (С) Пте. Лтд., Йишун Централ П.О. Бокс 9293, Сингапур 917699).



067



# NIHON SEIMITSU SOKKI CO., LTD.

2508-13 Nakago Shibukawa Gunma 377-0293 Japan

® Зарегистрированный товарный знак.

© Copyright 2008-2017

I251/1703/10